



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 18 маусым

2019 жылғы 7 мамырдан 14 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

14 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,2%-ға әлсіреп (383,34-тен), 384,05 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 7 маусымнан 14 маусым аралығындағы кезеңде неғұрлым маңызды оқиғалар Д.Трампың G20 саммитінде тараптар арасындағы кездесудің болмай қалуы жағдайында Қытай тауарларының қосымша көлеміне бажды арттыруға әзірлігі, Д.Трампың АҚШ ФРЖ-нің жоғары мөлшерлемелеріне наразылығы туралы түсініктемесі, өнеркәсіптік өндірістің (+0,4% а/а) және автомобильдерді қоспағанда, мамыр айында АҚШ-та бөлшек сауданың талдаушылардың күтулерінен жоғары (+0,5% а/а) ұлғаюы енгізу туралы деректердің шығуы болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** Президент Д.Трампың заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-әрекеттер туралы қол жеткізілген уағдаластыққа байланысты Мексикадан тауарлар импортына баждар енгізуді кейінге қалдыру туралы шешімінің аясында 2,4%-ға (19,62-ден 19,15-ке дейін) нығайды. Тараптар қабылданған шараларға баға беру үшін 90 күннен кейін аталған мәселеге қайта оралады;

- **Оңтүстік Африка ранды** сәуір айында өнеркәсіптік өндірістің соңғы үш жыл ішінде ең жоғары қарқынмен 4,6% ж/ж өсуі туралы деректердің жариялануы аясында 0,9%-ға (14, 95-тен 14,82-ге дейін) нығайды;

- **Ресей рублі** Оман бұғазында 2 мұнай танкеріне шабуылға байланысты мұнай бағасын түзетулер аясында 0,6%-ға (64,79-ден 64,4-ке дейін) нығайды

- **Индонезия рупиясының** Индонезияның Конституциялық сотының 2019 жылғы жалпыға ортақ сайлаулардың қорытындылары бойынша дауды шешу бойынша алдын ала тыңдауларының аясында 0,4%-ға (14 269-ден 14 325-ке дейін) әлсіреді. 21 мамырда ОСК қазіргі Президент Джоко Видодоның жеңісі туралы хабарлады, ол нәтижелермен келіспейтіндердің наразылығын тудырды;



- **Бразилия реалы** Бразилияның Экономика министрі Паулу Гуедестің түсініктемесі аясында 0,5%-ға (3,88-ден 3,9-ға дейін) әлсіреді. Министр Конгресс Комитетінің зейнетақы реформасы жөніндегі баяндамасына көңілі толмағанын білдірді, заң жобасының бастапқы нұсқасына оның күтуінен көп өзгеріс енгізілгенін айтты;

- **Үндістан рупиясы** аптаның екінші жартысында мұнай бағасының өсуі және шетелдік капиталдың әкетілуі аясында 0,5%-ға (69,47-ден 69,8-ге дейін) әлсіреді. Мамырда инфляция



¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

3,05% ж/ж құрады, бағаның өсу қарқыны 10 ай қатарынан ОБ-нің таргетінен төмен болып қалуда, бұл негізгі мөлшерлемені төмендету бойынша реттеушінің қадамдарына кеңістік береді;

- **Түрік лирасы** АҚШ тарапынан қысымға қарамастан Үкімет өкілдерінің РФ-дан ракетаға қарсы жүйе сатып алудан бас тартпайтыны туралы мәлімдеулерінің аясында 1,2%-ға (5,83-тен 5,9-ға дейін) әлсіреді. Moody's агенттігі елдің тәуелсіз рейтингін теріс болжаммен Вa3-тен В1-ге дейін төмендетті. Реттеуші негізгі мөлшерлемені өзгеріссіз (24%) сақтау туралы шешім қабылдады.



Дамушы елдер валютасының серпіні (31 мамыр 2019 =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 2704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz